

Көшеге атау беру туралы

Атырау облысы Атырау қаласы Жұмыскер ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 21 қазандағы № 161 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 қарашада № 3347 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсанындағы Заңының 14-бабының 4)-тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына сәйкес, Жұмыскер ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Атырау қаласы, Жұмыскер ауылдық округі, Өркен шағын ауданындағы № 37 көшеге "Сәлім Қапақовтың" есімі берілсін.

Осы шешімнің орындалуын бақылау Жұмыскер ауылдық округі әкімінің орынбасары Д. Доскалиевқа жүктелсін.

Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жұмыскер ауылдық округінің әкімі

Қ. Хабиев